



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2025 жылдың I тоқсанында шамамен 5 000 алтын құйма сатылды

Астана қ.

2025 жыл, 15 мамыр

ҚР Ұлттық Банкі 2025 жылдың I тоқсан қорытындысы бойынша екінші деңгейлі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) мен банктік емес жекелеген айырбастау пункттеріне жалпы салмағы 50 кг болатын 4 939 өлшемелі құйма өткізді.

I тоқсанда өлшемелі құймалар көп сатылған өңірлер: Алматы (3 844 дана, 78%), Шымкент (200 дана, 4%) және Жамбыл облысы (180 дана, 4%).

Халыққа арналған өлшемелі құймаларды сатып алу және сату Halyk Bank, Еуразиялық банк, Jusan Bank, ЦентрКредит Банкі арқылы, сондай-ақ банктік емес жекелеген айырбастау пункттерінде қолжетімді.



Осылайша, 2025 жылдың I тоқсанында ЕДБ мен банктік емес жекелеген айырбастау пункттері кері сатып алуды ескергенде, халыққа жалпы салмағы 176 кг болатын 11 084 өлшемелі құйма сатты. Бағдарлама іске қосылғалы сатылған құймалардың жалпы саны – 233 764, ал олардың жалпы салмағы – 8,1 тонна.

Халық арасында сұранысқа ие құйманың салмағы – 10 г. Оның жалпы сату көлеміндегі үлесі 26% – 59 936 дана. Одан кейінгісі 5 грамдық құйма, сатылғаны – 51 889 дана (22%), 100 грамдық құймадан – 48 365 дана (21%), 20 грамдықтан – 43 301 дана (18%) және 50 грамдық құймадан – 30 273 дана (13%).

Алтын құймалар сенімді инвестиция құралы бола алады. Алтын құймалар нарығындағы өтімділіктің басты кепілі – банк пен банктік емес айырбастау пунктері клиентке ақшаны мезетінде төлей отырып, алтын құймаларды кері сатып ала алады.

Әрбір құйма қорғау элементтерімен қапталған (құйманың айна беті, микротекст және бедерлі жиегі бар) және механикалық зақымданудан қорғайтын арнайы қорапқа салынып шығады. Сол арқылы құйманың ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге болады. Қорғап тұратын қорап сапа сертификатын да білдіреді. Сондықтан, алтын құйманы ұқыпты сақтап, қорабын бүлдірмеуге кеңес береміз.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77- 52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz